

**Қостанай облысы Лисаков қаласы Октябрь кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы № 209 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 сәуірде № 4540 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 шілдедегі № 236 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 24.07.2014 № 236 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Лисаков қаласы Октябрь кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*мәслихат хатшысы*

*КЕЛІСІЛДІ:*

\_\_\_\_\_ *В. Роот*

**М ә с л и х а т т ы ң**

**2 0 1 4 ж ы л ғ ы**

**№ 209 шешімімен бекітілген**

*К е з е к т е н т ы с с е с с и я н ы ң*

*т ө р а й ы м ы , қ а л а л ы қ*

*Г. Жарылқасымова*

*О к т я б р ь к е н т і н і ң ә к і м і*

**Қостанай облысы Лисаков қаласы Октябрь кентінің аумағында бөлек жергілікті**

# **қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

Осы Қостанай облысы Лисаков қаласы Октябрь кентінің (бұдан әрі – Октябрь кенті) аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Октябрь кентінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Октябрь кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) Октябрь кенті жергілікті қоғамдастығының жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Октябрь кентінің әкімі шақырады. Лисаков қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді Октябрь кентінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі .

7. Бөлек жиынды Октябрь кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға а ш а д ы .

Октябрь кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның т ө р а ғ а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Октябрь кентінің көше, көппәтерлі тұрғын үйдің 40 тұрғынынан бір адам санымен бөлек жиынның қатысушылары ұ с ы н а д ы .

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар с а й л а н ғ а н б о л ы п е с е п т е л е д і .

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Октябрь кенті әкімінің аппаратына береді.